Қазақстан Республикасы
ІІМ Басқару академиясы

ХАТТАМА
№ 6
Астана қ.
2026 ж. 28.01.

Академия управления
МВД Республики Казахстан

ПРОТОКОЛ
№ 6
г. Астана
28.01.2026 г.

Қатысты:

1 О.Т. Сейтжанов (төрағасы орынбасарының), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Басқару академиясы (бұдан әрі - Академия), бастығының орынбасары, з.ғ.к., профессор, полиция полковнигі;

2 С.М. Иманғали, Қазақстан Республикасы ІІМ Жеке құраммен жұмыс жөніндегі департаменті ведомстволық білім беруді ұйымдастыру басқармасының бастығы полиция подполковнигі;

3 А.Б. Айтуарова, Академияның Ғылыми кеңесінің ғалым хатшысы, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі;

4 А.Ж. Жаксылыков, жеке құраммен жұмыс жөніндегі бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі;

5 Ж.Ш. Кусаинов, ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімінің бастығы полиция полковнигі.

6 Н.К. Сейтжанова, Академияның оқу-әдістемелік бөлімінің бастығы философия докторы (PhD) полиция полковнигі;

7 Д.А. Абеуов басшы құрамды даярлау факультетінің бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі;

8 Э.А. Алимова, ғылыми-зерттеу институтының бастығы, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі;

9 Е.М. Хакимов, ғылыми-зерттеу институты бастығының орынбасары, философия докторы (PhD), полиция подполковнигі;

10 Д.Ж. Рахметов, Ұлттық ұланың қызметтік-жауынгерлік іс-қимыл кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD), полковнигі;

11 А.М. Кусаинова, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің докторанты, полиция подполковнигі

Арнайы шақырылғандар:

1 Баймуханов Е.М., жалпы даярлық кафедрасының бастығы, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, полиция полковнигі;

Себепті қатыспағандар:

1 Д.В. Еремеев, Басқару академиясы бастығының міндетін атқарушы, полиция полковнигі - басқа қызметке ауысты;

2 К.Е. Аблезов, жоспарлау және бақылау бөлімінің бастығы полиция полковнигі - демалыс;

3 О.Р. Цой, басшылық құрамды даярлау факультетінің бастығы, з.ғ.к., полиция полковнигі - демалыс;

4 Н.К. Бектурсунов, қоғамдық және пенитенциарлық қауіпсіздік факультетінің бастығы, философия докторы (PhD), полковник.

Отырысты О.Т. Сейтжанов, Академия бастығының міндетін атқарушы, полиция полковнигі.

О.Т. Сейтжанов кворумды анықтады (ғалым хатшы, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі А.Б. Айтуарованың баяндамасы негізінде).

А.Б. Айтуарова: Бүгінгі таңда тізім бойынша 14 адам, 4 адам жоқ, 10 адам бар. Осылайша кворум жиналды.

Тексеріледі:

- келу парағының болуы (бар болса, қатысқандардың барлығы қол қойды);
- Ғылыми кеңестің шешімдері жобасының болуы (берілген);
- Ғылыми кеңестің материалдары (барлығында бар);
- отырыс өткізудің шарттары мен форматы туралы айтылды.

Күн тәртібі жарияланады (Ғылыми кеңестің барлық мүшелері күн тәртібімен таныстырылды):

1 Академиясының Ғылыми кеңесінің құрамына өзгерістер енгізу туралы. Баяндамашы: А.Б. Айтуарова.

2 Жас ғалымдар кеңесінің жұмыс ережесін бекіту туралы. Баяндамашы: Ж.Ш. Кусаинов.

3 2026 жылға қосымша білім беру бағдарламаларын (біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстары) бекіту. Баяндамашы: Д.А. Абеуов.

4 2025–2026 оқу жылының 2-семестрінде ЖООКББФ білім алушыларының аралық аттестациясын өткізу нысандарын және бейіндік магистратура білім алушыларының қорытынды аттестациясын өткізу нысандарын талқылау туралы. Баяндамашы: Н.К. Сейтжанова.

5 Магистранттар мен докоранттардың қысқы емтихан сессиясының нәтижелерін талқылау. Баяндамашы: Н.К. Сейтжанова.

6 Оқу-әдістемелік материалдарды басылымға ұсыну туралы. Баяндамашы: М.К. Нуркенова.

Күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізу ұсынылады. Баяндамашылар: Д.Ж. Рахметов, А.Б. Айтуарова.

Күн тәртібі дауыс беруге шығарылады (Ғылыми кеңестің барлық мүшелері таныстыбарлығының қолында).

О.Т. Сейтжанов: Қарсылық болмаса, дауыс беруге көшуіңізді сұраймын.

О.Т. Сейтжанов, *дауыс беруге енгізіледі: «қолдап» - 10, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.*

1 О.Т. Сейтжанов: Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге көшу туралы ұсыныс жасайды «Академия Ғылыми кеңесінің 2025 жылдың 1 жартыжылдығына арналған шешімдерін іске асыру туралы».

ТЫҢДАЛДЫ: А.Б. Айтуарова, ол осы мәселе бойынша ақпарат ұсынды (экрандағы материалды көрсету).

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 01 сәуірдегі № 157 бұйрығымен бекітілген "Жоғары және (немесе) жоғары оқу

орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын алқалы басқару органдарының жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын" басшылыққа ала отырып, сондай–ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 29 мамырдағы №446 бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің Басқару академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі–Академия) Жарғысының 28,29-тармағын басшылыққа ала отырып, 54-1-қосымша 1-тармаққа сондай-ақ Академиядағы штаттық өзгерістерге сәйкес мыналар ұсынылады:

1 Ғылыми кеңес құрамынан:

– Заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі Д.В. Еремеевті – басқа лауазымға ауысуына байланысты шығаруды;

2 Ғылыми кеңес құрамына енгізуді:

– Академия бастығының міндетін уақытша атқарушы, заң ғылымдарының докторы, профессор, полиция полковнигі Дильбарханова Жанат Рахимжановнаны;

– қоғамдық және пенитенциарлық қауіпсіздік факультетінің бастығы, философия докторы (PhD), полковник Бектурсунов Нурбай Кенисбековичті;

– Ұлттық ұланның қызметтік-жауынгерлік іс-қимыл кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD), полковнигі Рахметов Данияр Жумабековичті;

3 Ғылыми кеңес төрағасы міндеттерін орындауды Академия бастығының міндетін уақытша атқарушы, полиция полковнигі Ж.Р. Дильбархановаға жүктеуді;

4 Ғылыми кеңес төрағасы орынбасарының міндеттерін Академия бастығының орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты, профессор, полиция полковнигі О.Т. Сейтжановқа жүктеуді.

Егер толықтырулар немесе ұсыныстар болса, мен оны енгізуді сұраймын.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: О.Т. Сейтжанов: Әріптестер, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Ұсынылған қызметкерлерді құрамға қосқанда, жалпы саны тақ бола ма?

А.Б. Айтуарова: Иә, жалпы саны – 15 адам.

О.Т. Сейтжанов: Бұл жағдайда отырысты бекітілген құраммен жалғастыруды ұсынамын.

О.Т. Сейтжанов: Егер қарсылық болмаса, дауыс беруге көшуіңізді сұраймын.

О.Т. Сейтжанов, *дауыс беруге енгізіледі: «қолдап» - 11, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.*

ШЕШТІ:

1 Ақпарат назарға алынсын.

2 Академияның Ғылыми кеңесінің өзгерістерін мақұлдау және бекіту.

3 А.Б. Айтуароваға бұйрық дайындасын.

Жауапты: А.Б. Айтуарова, орындалу мерзімі: 05.02.2026 ж.

2 О.Т. Сейтжанов: Келесі мәселеге көшеміз «Жас ғалымдар кеңесінің жұмыс ережесін бекіту туралы».

ТЫҢДАЛДЫ: Ж.Ш. Кусаиновты, ол осы мәселе бойынша ақпарат ұсынды (экрандағы материалды көрсету).

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Сіздердің қарауыңызға және бекітулеріңізге Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже ұсынылып отыр. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Басқару академиясында құқыққорғау жүйесі алдында тұрған өзекті міндеттерді шешуге Жас ғалымдардың қатысуын жандандыру және

жастардың ғылыми әлеуетін дамыту мақсатында Жас ғалымдар кеңесі туралы Ереже әзірленді.

Жас ғалымдар кеңесі Академияның жас ғалымдарын, магистранттары мен докоранттарын біріктіретін консультативтік-кеңесші, ерікті әрі өзін-өзі басқару негізінде қызмет атқаратын орган болып табылады.

Кеңестің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нормативтік құқықтық актілеріне, Академия Жарғысына, ғылыми әдеп нормаларына және бекітілген Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Кеңестің негізгі мақсаты – жас ғалымдардың кәсіби және ғылыми өсуіне жағдай жасау, жастар ғылымын дамыту, сондай-ақ ғылыми зерттеулерді ұлттық және халықаралық ғылыми кеңістікке ықпалдастыруға жәрдемдесу болып табылады. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін Кеңес ғылыми белсенділікті арттыруға, зерттеушілік және цифрлық құзыреттерді дамытуға, ғылыми еңбектерді жариялауға, сондай-ақ ғылыми әдеп мәдениеті мен академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Кеңестің қызметіне жалпы басшылықты кеңес отырысында сайланатын Төраға жүзеге асырады. Кеңес Академия басшылығымен және оның құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасайды.

Негізінде айтылғандарға сәйкес, Академияның Жас ғалымдар кеңесі туралы Ережені мақұлдап, бекітулеріңізді сұраймын.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: О.Т. Сейтжанов: Құрметті әріптестер, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Қазіргі уақытта тек докоранттар қатысып отыр, магистранттар педагогикалық тәжірибеден өтуде.

Ж.Ш. Кусаинов: Иә, олар 22 қаңтарға дейін тәжірибеде болады.

О.Т. Сейтжанов: Бұл жағдайда, олар оралғаннан кейін Кеңестің отырысын өткізіп, президиумды сайлап, Кеңестің жұмыс жоспарын талқылау қажет. Кейіннен оны бекітуге ұсыну керек.

Ж.Ш. Кусаинов: Қабылданды, жұмыс жүргіземіз.

О.Т. Сейтжанов: Егер қарсылық болмаса, дауыс беруге көшейік.

О.Т. Сейтжанов, *дауыс беруге енгізіледі: «қолдап» - 11, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.*

ШЕШТІ:

1 Ақпарат назарға алынсын.

2 Академияның Жас ғалымдар кеңесі туралы Ережесі мақұлданып, бекітілсін.

3 Ж.Ш. Кусаиновқа докоранттар мен магистранттардың қатысуымен Жас ғалымдар кеңесінің отырысын ұйымдастыру тапсырылсын.

4 Ж.Ш. Кусаиновқа Жас ғалымдар кеңесінің Жұмыс жоспарын бекітуге ұсыну тапсырылсын.

Жауаптылар: Ж.Ш. Кусаинов, Ш.Е. Смагулова, орындалу мерзімі: 06.03.2026 ж.

3 О.Т. Сейтжанов: талқылауды жалғастырып, келесі мәселеге көшуді ұсынды — «2026 жылға қосымша білім беру бағдарламаларын (біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстары) бекіту».

ТЫҢДАЛДЫ: Д.А. Абеуовты, ол ақпарат ұсынды мәселе бойынша (экранда материалды көрсету).

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2025 жылғы 15 желтоқсандағы № 1032 бұйрығына сәйкес басшы құрамды даярлау факультетінде келесідей курстар жоспарланған:

- «Қазіргі заманғы жағдайларда ішкі істер органдарының қызметін басқаруды ұйымдастыру» тақырыбы бойынша Жоғары академиялық курстар:

1. 02.02 – 28.02.2026ж. және 31.08 – 26.09.2026ж. аралығында ІІМ ОА бөліністері басшыларының орынбасарлары, ПД, ҚАЖД бастықтарының орынбасарлары үшін, ұзақтығы – 4 апта (160 академиялық сағат);

2. 30.03 – 06.05.2026ж. және 28.09 – 07.11.2026ж. аралығында ІІМ ОА, ПД, ҚАЖД қалалық (аудандық) полиция басқармаларының (бөлімдерінің) басшылары үшін, ұзақтығы - 6 апта (240 академиялық сағат);

3. 11.05. – 20.06.2026ж. ІІМ ОА, ПД, ҚАЖД қалалық (аудандық) полиция басқармаларының (бөлімдерінің) әйел басшылары үшін , ұзақтығы - 6 апта (240 академиялық сағат).

- «Көшбасшылық және басқару: стратегиядан іс-қимылға» тақырыбындағы ведомствоаралық курстар 22.06 – 27.06.2026ж. аралығында.

Біліктілікті арттыру курстары:

- «Ішкі істер органдарында басшының жұмысын жоспарлауды ұйымдастыру, әдістемесі мен нысандары» 16. 02. – 21.02.2026ж. және 20.04 – 25.04.2026ж. аралығында ІІМ ОА басқарма бастықтарының орынбасарлары, ӨҚД басқарма бастығының орынбасары, Көліктегі, ПД, МКҚБ басқарма бастықтарының орынбасарлары үшін;

- «Сапалы басқару – ішкі істер органдарының кадр қызметінің тиімділігін арттырудың негізі» 09.03. – 14.03.2026ж. аралығында ІІМ ОА, ЖҚЖД, ІІМ бөлінісінің, (К)ПД, ҚАПБ, бастықтарының орынбасарлары, бастықтары үшін;

- «Ішкі істер органдары жүйесіндегі қолданбалы зерттеулердің заманауи әдістері» 13.04. – 18.04.2026ж. және 16.11. – 21.11.2026ж. аралығында ғылыми, аға ғылыми қызметкерлер, орталықтардың/кафедралардыңбастықтары, ОО ПОҚ үшін.

Осы білім беру бағдарламалары (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының келесі нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген: 2011 жылғы 6 қаңтардағы №380-IV «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңы, 2014 жылғы 23 сәуірдегі №199-V «Ішкі істер органдары туралы» Заңы, 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы №23 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарының қызметі туралы ережелері», "Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары қызметкерлерін кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асырудың мазмұны мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі №422 бұйрығы және білім беру саласындағы өзге де нормативтік және әдістемелік құжаттар негізінде дайындалған.

Білім беру бағдарламаларының мақсаты – ішкі істер органдарының бөліністері басшыларының кәсіби басқарушылық құзыреттерін дамыту, басқару қызметін ұйымдастыру және жоспарлау бойынша жүйелі білімді, біліктілік пен практикалық дағдыларды қалыптастыру, негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау және ІІО бөлімшелерінің күштері мен құралдарын тиімді пайдалану, сондай-ақ нормативтік-құқықтық және этикалық талаптарды сақтай отырып, жедел жағдайды бағалау мен басқарушылық шешімдерді қолдауға арналған заманауи аналитикалық әдістерді, қолданбалы зерттеулерді және жасанды интеллект құралдарын меңгеру

болып табылады. Бағдарламалар ішкі істер органдары бөлімшелері басшыларының басқарушылық құзыреттерін кешенді дамытуға, басқару қызметін ұйымдастыру мен жоспарлау бойынша жүйелі білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыруға, қабылданатын басқарушылық шешімдердің сапасы мен негізділігін арттыруға, ІІО бөлімшелерінің күштері мен құралдарын ұтымды пайдалануға, сондай-ақ басқаруда заманауи аналитикалық әдістерді, қолданбалы зерттеулер мен жасанды интеллект құралдарын нормативтік-құқықтық және этикалық талаптарды сақтай отырып қолдануға бағытталған.

ЖАК білім беру бағдарламалары модульдерден құралған. Модульдерде келесі тақырыптар қамтылады:

– әлеуметтік-саяси трансформация және ІІО қызметін басқару;

– ІІО басшысының имиджі, коммуникациясы және көшбасшылық ұстанымы;

– әлемдік сын-қатерлер мен цифрландыру жағдайындағы басқарудың заманауи тәсілдері;

– басқару;

– жоспарлау;

– көшбасшылық пен командалық жұмыстың психологиясы;

– қаржылық-шаруашылық басқару және ресурстарды оңтайландыру;

– ІІО басшысының тактикалық-арнайы және дене даярлығы.

«ІІО-дағы басшы жұмысының ұйымдастырылуы, әдістемесі және жоспарлау нысандары» бағдарламасы ішкі істер органдары бөлімшелері басшыларының стратегиялық және жедел басқарушылық құзыреттерін, жоспарлау және негізделген шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға, заманауи аналитикалық және цифрлық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект құралдарын қолдануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жүйесіндегі басқарудың құқықтық және этикалық негіздері бойынша білім беруге бағытталған модульдерді қамтиды.

«Кадр қызметінің тиімділігін арттырудың негізі ретінде сапалы басқару» бағдарламасы ішкі істер органдарының кадрлық бөлімшелері басшылары мен мамандарының адами ресурстарды стратегиялық басқару, персоналды тарту, бағалау, бейімдеу, уәждеу және дамыту саласындағы кешенді құзыреттерін, кадрлық жұмыста цифрлық және зияткерлік технологияларды қолдану дағдыларын, сондай-ақ қызметтік мәдениетті, көшбасшылықты дамыту, тәуекелдердің алдын алу және заңдылық пен этиканы қамтамасыз етуге бағытталған модульдерді қамтиды.

«ІІО жүйесіндегі қолданбалы зерттеулердің заманауи әдістері» бағдарламасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің қолданбалы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу бойынша жүйелі білімдері мен практикалық дағдыларын қалыптастыруға, заманауи әдіснамалық және аналитикалық құралдарды, соның ішінде жасанды интеллект технологияларын қолдануға, ғылыми қызмет нәтижелерін ресімдеу және оларды практикалық қызметке енгізуге, сондай-ақ құқықтық мәдениетті, ғылыми этиканы және қызметтік құндылықтарды дамытуға бағытталған модульдерді қамтиды.

Оқыту дәрістерді, практикалық сабақтарды, кейс-стадилерді, жобалық жұмысты, іскерлік ойындарды, тренингтерді және қажет болған жағдайда қашықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Негізінде ұсынылған ақпаратқа сәйкес, білім беру бағдарламаларын бекітуді сұраймын.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: О.Т. Сейтжанов: Әріптестер, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Егер қарсылық болмаса, дауыс беруге көшуіңізді сұраймын.

О.Т. Сейтжанов, *дауыс беруге енгізіледі: «қолдап» - 11, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.*

ШЕШТІ:

1 Ақпарат назарға алынсын.

2 Келесі білім беру бағдарламалары бекітілсін:

Жоғары академиялық курстар:

– «Қазіргі жағдайда ішкі істер органдары қызметін басқаруды ұйымдастыру»

Біліктілікті арттыру курстары:

– «Ішкі істер органдарында басшының жұмысы: ұйымдастыру, әдістеме және жоспарлау формалары»

– «ІІО-да кадр қызметінің тиімділігін арттыру негізі ретінде сапалы басқару»

– «ІІО жүйесінде қолданбалы зерттеулердің заманауи әдістері»

3 Курстарды өткізуді ұйымдастыру жауапкершілігі жетекші құрамды даярлау факультетінің бастығы Д.А. Абеуовке жүктелсін.

Жауаптылар: О.Т. Сейтжанов, Д.А. Абеуов, кафедра және құрылымдық бөлімше бастықтары.

4 О.Т. Сейтжанов: Күн тәртібіндегі келесі мәселеге көшеміз «2025–2026 оқу жылының 2-семестрінде ЖООКББФ білім алушыларының аралық аттестациясын өткізу нысандарын және бейіндік магистратура білім алушыларының қорытынды аттестациясын өткізу нысандарын талқылау туралы».

ТЫҢДАЛДЫ: Н.К. Сейтжановаы, ол осы мәселе бойынша ақпарат ұсынды (экрандағы материалды көрсету).

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы №20 «Қазақстан Республикасы ІІМ әскери және арнайы оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу, аралық және қорытынды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 30-тармағына сәйкес емтихандарды өткізу тәртібі мен нысандары жоғары оқу орны тарапынан академиялық кезең басталған күннен бастап 30 жұмыс күнінен кешіктірілмей белгіленеді.

Академияда аралық аттестаттауды өткізудің келесі нысандары қолданылады: компьютерлік тестілеу, ауызша және жазбаша нысандар, сондай-ақ білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың аралас нысаны.

Бейіндік магистратура магистранттарының қорытынды аттестаттауы магистрлік жобаны қорғау нысанында өткізіледі.

Академия кафедралары 2025–2026 оқу жылының 2-семестріне арналған бақылау нысандары бойынша ұсыныстар ұсынды.

Түскен ұсыныстар негізінде бекітуге 2025–2026 оқу жылының 2-семестрінде ЖЖКББФ білім алушыларының аралық аттестаттау нысандары және бейіндік магистратура білім алушыларының қорытынды аттестаттау нысаны ұсынылады, олар жинақталған түрде тиісті кестеде көрсетілген.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: О.Т. Сейтжанов: Әріптестер, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма?

О.Т. Сейтжанов: Онда егер қарсылық болмаса, дауыс беруге көшуге рұқсат етіңіздер.

О.Т. Сейтжанов, *дауыс беруге енгізіледі: «қолдап» - 11, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.*

ШЕШТІ:

1 Ақпарат назарға алынсын.

2 2025–2026 оқу жылының 2-семестрінде ЖООКББФ білім алушыларының аралық аттестациясын өткізу нысандарын мақұлдау және бекіту.

3 2025–2026 оқу жылындағы бейіндік магистратура білім алушыларының қорытынды аттестациясын өткізу нысанын мақұлдау және бекіту.

Жауаптылар: Н.К. Сейтжанова, ОӘБ (оқу-әдістемелік бөлім), ЖООКББФ бастығы, кафедра бастықтары.

5 О.Т. Сейтжанов: Күн тәртібіндегі келесі мәселеге көшеміз «2026 жылға арналған Академияның ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарын бекіту».

Н.К. Сейтжановаы, ол осы мәселе бойынша ақпарат ұсынды (экрандағы материалды көрсету).

Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының 2025–2026 оқу жылына арналған академиялық күнтізбесіне сәйкес жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің 1-курс білім алушылары үшін төмендегі білім беру бағдарламалары бойынша қысқы емтихан сессиясы өткізілді:

- «8D12301 – Құқық қорғау қызметі» 2025 жылғы 18 желтоқсаннан 27 желтоқсанға дейін;
- «7М12301 – Құқық қорғау қызметі» 2025 жылғы 18 желтоқсаннан 2026 жылғы 10 қаңтарға дейін;
- «7М12302 – Құқық қорғау қызметі» 2025 жылғы 18 желтоқсаннан 2026 жылғы 10 қаңтарға дейін.

«8D12301 – Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы (ғылыми-педагогикалық бағыттағы докторантура) бойынша:

Ғылыми-педагогикалық докторантура докторанттарын аралық аттестаттау шеңберінде 4 пән бойынша емтихандар өткізілді: Академиялық жазу, Докторлық зерттеудің әдіснамасы, Құқықтық жүйенің трансформациясы жағдайындағы құқық қорғау қызметінің теориясы, Қылмыстылықтың алдын алудың заманауи тұжырымдамасы.

1-курста білім алатын докторанттардың жалпы саны – 10 адам, оқу тілі – орыс тілі. Аралық емтихан сессиясына барлығы (100%) жіберілді. Сессияны 100% тапсырды. Қысқы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша орташа балл – А- (90%), 3,67 балл, «өте жақсы».

Ғылыми-педагогикалық магистратура магистранттарын аралық аттестаттау шеңберінде 8 пән бойынша емтихандар өткізілді:

Ғылым тарихы мен философиясы, Оқытудағы заманауи әдістемелер мен технологиялар, Шетел тілі (кәсіби), Жоғары мектеп педагогикасы, Басқару психологиясы, Құқық қорғау қызметінің өзекті мәселелері, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығының қазіргі жағдайы мен даму үрдістері, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасын ғылыми негізделген қолдану.

Білім алушылар саны – 10 магистрант. Оның ішінде қазақ тіліндегі топта – 6 адам, орыс тіліндегі топта – 4 адам. Барлығы емтихан сессиясына жіберіліп, аралық аттестаттаудан 10 адам (100%) толық өтті.

Қазақ тілінде оқытылатын топ бойынша қысқы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша орташа балл – A- (91%), 3,67 балл, «өте жақсы». Орыс тілінде оқытылатын топ бойынша қысқы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша орташа балл – A- (91%), 3,67 балл, «өте жақсы».

Бейіндік магистратура магистранттарын аралық аттестаттау шеңберінде 10 пән бойынша емтихандар өткізілді:

Ішкі істер органдары қызметін стратегиялық басқару, Басқару психологиясы, Шетел тілі (кәсіби), Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуды ұйымдастырушылық-құқықтық қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасында қылмыстық-процестік заңнаманы іске асыру стратегиялары, Қазақстан Республикасы ІІО қызметіндегі деонтология мәселелері, Ішкі істер органдарын басқару жүйесіндегі криминалистикалық қамтамасыз ету, Құқық қорғау органдарын басқарудың теориясы мен практикасы, Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тұжырымдамалық негіздері, Жедел-іздестіру қызметін ұйымдастырудағы заманауи басқару тәсілдері.

Магистранттар саны – 9 адам. Емтихан сессиясына жіберілмегендер жоқ. Сессияны толықтай 9 адам (100%) тапсырды.

Қысқы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша орташа балл – B+ (89%), 3,33 балл, «жақсы».

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің 1-курс білім алушыларының қысқы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша қанағаттанарлықсыз бағалар тіркелген жоқ.

Емтихан материалдарына жүргізілген техникалық сараптама барысында тест тапсырмаларының құрылымы мен мазмұнында жекелеген кемшіліктер анықталды, атап айтқанда:

- жауап нұсқалары салыстырмалылық қағидатын бұза отырып тұжырымдалған (жауаптардың ұзындығы мен құрылымы әртүрлі);

- тапсырмалар мен жауап нұсқаларының тұжырымдарында стилистикалық қателердің болуы;

Емтихан сессиясын талдау қорытындысы бойынша төмендегілер ұсынылады:

1. Тест тапсырмаларын әзірлеу кезінде олардың сапасы мен білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкестігіне ерекше назар аудару; емтихан материалдарының мазмұны мен әдістемелік сапасына жауапкершілікті кафедра бастықтарына жүктеу және міндетті түрде сараптамалық қорытынды рәсімдеу.

2. Тест тапсырмаларын «Bilimwave» ақпараттық жүйесіне жүктегеннен кейін олардың дұрыс және толық орналастырылуын, сондай-ақ бекітілген талаптарға сәйкестігін тексеруді қамтамасыз ету.

3. Білім алушыларды тест сұрақтарының дұрыс жауаптарымен таныстыруға тыйым салу.

Осыған байланысты, Академияның Ғылыми кеңесінен магистранттар мен докоранттардың қысқы емтихан сессиясының нәтижелерін мақұлдап бекітуді сұраймын.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: О.Т. Сейтжанов: Құрметті әріптестер, осы мәселе бойынша ұсыныстар мен ескертулер беруді сұраймын.

О.Т. Сейтжанов: Онда егер қарсылық болмаса, дауыс беруге көшуге рұқсат етіңіздер.

О.Т. Сейтжанов, *дауыс беруге енгізіледі: «қолдап» - 11, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.*

ШЕШТІ:

1 Ақпарат назарға алынсын.

2 Магистранттар мен докоранттардың қысқы емтихан сессиясының нәтижелері мақұлдансын.

Жауаптылар: Н.К. Сейтжанова, ОӘБ (оқу-әдістемелік бөлім), факультет бастықтары.

6 О.Т. Сейтжанов: Құрметті әріптестер, келесі мәселе: «Оқу-әдістемелік материалдарды баспаға ұсыну туралы».

ТЫҢДАЛДЫ: М.К. Нуркенованы, ол осы мәселе бойынша ақпаратты таныстырды (материал экранда көрсетілді).

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, қарауларыңызға «Алгоритм реагирования на различные служебные ситуации сотрудниками органов внутренних дел Республики Казахстан» атты әдістемелік ұсынымдарды ұсынамын.

Аталған әдістемелік ұсынымдар А.Б. Мусин мен М.К. Нуркенова тарапынан Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 9 бөлімшесінің, оның ішінде 5 ведомстволық жоғары оқу орнының, 3 департаменттің және азаматтық сектордың 1 жоғары оқу орнының қатысуымен әзірленген.

Әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасы полиция қызметкерлерінің кәсіби мәдениеті мен қызметтік өзара іс-қимыл этикасын қалыптастыру мәселелеріне арналған. Онда полиция қызметкерлерінің халықтың әртүрлі санаттарымен қарым-қатынасының құқықтық және моральдық-этикалық негіздері, сондай-ақ типтік сөйлеу формулалары мен жанжалды жағдайлардың алдын алу бойынша практикалық ұсынымдар ұсынылған.

Ұсынымдар кіріспеден, екі тараудан тұрады, олар алты бөлімді қамтиды. Сонымен қатар онда іс-қимылдардың кезең-кезеңімен сипаттамасы, әдістер мен құралдар, практикалық кейстер, бағалау бойынша ұсынымдар, кестелер мен әрекет ету тактикасы, жиі кездесетін мәселелер және оларды шешу жөніндегі ұсынымдар, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалар қамтылған.

Әдістемелік ұсынымдарға екі оң пікір алынған. Осыған байланысты аталған материалдарды Ғылыми кеңесте қарауға және Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының ғылыми және білім беру қызметінде пайдалануға ұсыну ұсынылады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Ғылыми кеңес мүшелерінен ұсынылған материалдарды мақұлдап, бекітулеріңізді сұраймын.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: О.Т. Сейтжанов: Әріптестер, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Талқылаудан кейін оларды қайда жолдауыңыз қажет?

М.К. Нуркенова: Иә, дұрыс айтасыз танысу және келісу үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жеке құраммен жұмыс департаментіне жолдаймыз.

О.Т. Сейтжанов: Әріптестер, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Егер қарсылықтар болмаса, дауыс беруге көшуді ұсынамын.

О.Т. Сейтжанов, *дауысқа қояды: «қолдағандар» – 15, «қарсы» – 0, «қалыс қалғандар» – 0.*

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Оқу-әдістемелік материалдар мақұлдансын және жариялауға ұсынылсын:

– *М.К. Нуркенова, А.Б. Мусин. «Алгоритм реагирования на различные служебные ситуации сотрудниками органов внутренних дел Республики Казахстан» атты әдістемелік ұсынымдар.*

3. Э.А. Алимоваға және Е.М. Хакимовқа материалдарды танысу және келісу үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жеке құраммен жұмыс департаментіне жолдау тапсырылсын.

Жауаптылар: О.Т. Сейтжанов, Э.А. Алимова, Е.М. Хакимов, М.К. Нуркенова, А.Б. Мусин.

7 Әр түрлі

7-1 О.Т. Сейтжанов: Құрметті әріптестер, «Әртүрлі» бөлімінің бірінші мәселесіне көшейік: «Қоғамдық және пенитенциарлық қауіпсіздік факультетінің білім беру бағдарламаларын бекіту туралы».

ТЫҢДАЛДЫ: Д.Ж. Рахметовты, ол Қоғамдық және пенитенциарлық қауіпсіздік факультетінің біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бойынша ақпарат ұсынды.

Қоғамдық және пенитенциарлық қауіпсіздік факультетінде 2026 жылы Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 2025 жылғы 15 желтоқсандағы №1032 бұйрығына сәйкес ішкі істер органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің біліктілігін арттыру курстарының екі легін өткізу жоспарланған:

1-ші ағын 2026 ж. 23.02-ден 28.02-ға дейін;

2-ші ағын 2026 ж. 16.11-ден 21.11-ға дейін әрқайсысының ұзақтығы 36 сағат.

Тақырыбы: «ІІО жүйесінде жедел-штабтық оқу-жаттығуларды ұйымдастыру, басқару және өткізу. Басшы құрамды кешенді даярлау: оларды жүргізудің инновациялық нысандары мен технологиялары».

Санаты: қалалық (аудандық) полиция басқармаларының (бөлімдерінің), ПД (Т), ҚАЖД, ІІМ ОА, ҰҰ басқармаларының басшылары.

Осы білім беру бағдарламасы *(бұдан әрі-Бағдарлама)* «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары қызметкерлерін кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асырудың мазмұны мен қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 422 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 15 желтоқсандағы № 1032 бұйрығы негізінде жасалды «2026 жылға арналған оқу жоспарларын бекіту туралы».

Білім беру бағдарламасының мақсаты ішкі істер органдары қызметкерлерінің және Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің басқарушылық қызметті ұйымдастыру бойынша жүйелі білімдерін, іскерліктері мен практикалық дағдыларын, басқарудың тиімділігін арттыруға, негізделген басқарушылық шешімдер қабылдауға және ІІО бөлімшелерінің күштері мен құралдарын ұтымды пайдалануға бағытталған ішкі істер органдары мен Ұлттық ұланда оқу-жаттығулар өткізудің әдістемесі мен заманауи инновациялық нысандарын қалыптастыру болып табылады.

Бағдарлама мыналарға бағытталған:

– полиция басқармаларының (бөлімдерінің), ПД (Т), ҚАЖД, ІІМ ОА басқармаларының және Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің басшылық құрамында

қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қазіргі заманғы тәсілдерін жүйелі түсінуді қалыптастыру;

– ІІО және Ұлттық ұлан бөлімшелерінің қызметтік қызметін ұйымдастыру, жоспарлау және басқару бойынша практикалық дағдыларды дамыту;

– жедел жағдайды талдау және цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект элементтерін қолдана отырып басқарушылық шешімдер қабылдау әдістерін үйрету;

– қызметтік (жауынгерлік) міндеттерді орындау кезінде күштерді, құралдарды және ресурстарды тиімді пайдалану дағдыларын жетілдіру;

– командалық-штабтық және жедел-штабтық оқу-жаттығуларды дайындау және өткізу бойынша тұрақты дағдыларды қалыптастыру;

– басқарушылық қызметте құқықтық мәдениетті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақтылықты және адам құқықтары стандарттарын сақтау деңгейін арттыру;

– қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында басшылардың басқарушылық жауапкершілігі мен көшбасшылық қасиеттерін дамыту.

О.Т. Сейтжанов: Әріптестер, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Егер қарсылықтар болмаса, дауыс беруге көшуді ұсынамын.

О.Т. Сейтжанов *дауысқа қояды: «қолдағандар» – 11, «қарсы» – 0, «қалыс қалғандар» – 0.*

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Қоғамдық және пенитенциарлық қауіпсіздік факультетінің біліктілікті арттыру курсының «Ішкі істер органдары жүйесінде жедел-штабтық оқу-жаттығуларды ұйымдастыру, басқару және өткізу. Басшы құрамды кешенді даярлау: оларды өткізудің инновациялық нысандары мен технологиялары» атты білім беру бағдарламасы мақұлдансын және бекітілсін.

Жауаптылар: Н.К. Сейтжанова, ОӘБ, Қоғамдық және пенитенциарлық қауіпсіздік факультеті.

7-2 О.Т. Сейтжанов: Құрметті әріптестер, келесі мәселе «Оқытушылардың оқу жүктемесін ғылыми жарияланымдармен өтеу тәртібін реттеу және олардың жарияланымдық қызметінің кестесін бекіту туралы».

ТЫҢДАЛДЫ: Д.Ж. Рахметовты, ол осы мәселе бойынша ақпарат ұсынды (экрандағы материалды көрсету).

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, қарауларыңызға Қоғамдық және пенитенциарлық қауіпсіздік факультеті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 12 қарашадағы №962 Қаулысы негізінде құрылды.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 2025 жылғы 15 желтоқсандағы № 1032 бұйрығына сәйкес факультетте ішкі істер органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің біліктілігін арттыру курстарына екі рет келу жоспарланған:

1-ші ағын 2026 ж. 23.02- 28.02-ге дейін;

2-ші ағын 2026 ж. 16.11-21.11-ге әрқайсысы 36 сағаттан тұрады.

Осыған байланысты сабақтарды өткізуге оқу жүктемесін толық көлемде орындамайтын профессорлық-оқытушылық құрам тартылады. Факультеттің профессорлық-оқытушылық құрамы белгіленген жүктемені орындауды қамтамасыз ету мақсатында оқу пәндерін қамтамасыз ету үшін оқу-әдістемелік әдебиет пен материалдар дайындалатын болады.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: О.Т. Сейтжанов: Назарға алына отырып, факультет қаңтар айында құрылғанын, штат әлі толық жасақталмағанын және алдағы уақытта, соның ішінде Лицензияға Қосымша алу мақсатында, бірқатар маңызды жұмыстар атқарылуы тиіс екенін ескере отырып, оқытушылардың жүктемесі жүктеме нормаларын толық қамти алмайтыны анық.

Осыған байланысты Академия басшылығы Ғылыми кеңестің қарауына оқытушылардың оқу жүктемесін ғылыми жарияланымдармен өтеуді ұсыну туралы бастама көтеріп отыр. Сонымен қатар, алдағы аттестацияны ескере отырып, кафедралар өздерінің жарияланым жоспарын әзірлеп, бірыңғай кесте ұсынуы қажет.

Факультетке келесі оқу жылына арналған: оқытушылар жүктемесін, оқу пәндерінің әдебиеттермен қамтамасыз етілуін талдау және болжау жүктеледі.

Д.Ж. Рахметов: Иә, барлығын түсіндім, жұмыс жүргіземіз.

О.Т. Сейтжанов: Құрметті әріптестер, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Егер қарсылық болмаса, дауыс беруге көшейік.

О.Т. Сейтжанов, *дауыс беруге енгізіледі: «қолдап» - 11, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.*

ШЕШТІ:

1 Ақпарат назарға алынсын.

2 Қоғамдық және пенитенциарлық қауіпсіздік факультеті оқытушыларының оқу жүктемесін ғылыми жарияланымдармен өтеу мақұлдансын.

3 Академия оқытушыларының ғылыми басылымдарын әзірлеу кестесі бекітілсін.

Жауаптылар: О.Т. Сейтжанов, Ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімі, факультет бастықтары.

7-3 О.Т. Сейтжанов: Құрметті әріптестер, бүгінгі Күн тәртібінің соңғы мәселесіне көшейік, «Әртүрлі» бөлімі, 2-ші сұрақ: «Полиция подполковнигі Е.М. Хакимовке қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын беру туралы».

ТЫНДАЛДЫ: А.Б. Айтуарова, ол ақпаратты ұсынды (материалды экранда көрсету арқылы).

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, назарларыңызға Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне полиция подполковнигі Ержан Маратович Хакимовке 50500 – «Құқықтану ғылымдары» мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын беру туралы өтінішхат жолдау үшін дайындалған портфолио материалдарын ұсынамын.

Ержан Маратович Хакимов 1989 жылғы 29 қарашада Ақмола облысы Жарқайың ауданында дүниеге келген.

Өзінің кәсіби жолын Академия курсанты, Қостанай облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесін департаментінің инспекторы қызметтерінен бастап, Академия Ғылыми-зерттеу институты бастығының орынбасары лауазымына дейін өтті.

Жалпы еңбек өтілі – 18 жылдан астам, оның ішінде басшылық лауазымдардағы қызмет өтілі – 3 жылдан астам.

2011 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ҚАЖ комитеті Академиясын сәтті аяқтағаннан кейін Қостанай облысы бойынша ҚАЖ

департаментіне жолдамамен жіберіліп, 2011 жылдан бастап УК-161/12 мекемесінің интенданттық және шаруашылық қамтамасыз ету бөлімінде инспектор болып қызмет атқарды.

2011 жылғы қыркүйек айында Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясының 6М030300 мамандығы бойынша магистратурасына оқуға түсті.

2013 жылғы маусымда магистратураны аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясының Ішкі істер органдарының әкімшілік құқығы және әкімшілік қызметі кафедрасының оқытушысы болып тағайындалды, ал 2016 жылы аталған кафедраның аға оқытушысы қызметін атқарды.

2023 жылғы қаңтар айында 6D030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациясын қорғады.

2023 жылғы наурызда Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының Қылмыстық құқық және жазаларды орындауды ұйымдастыру кафедрасы бастығының орынбасары болып тағайындалды.

2023 жылғы қыркүйек пен 2024 жылғы қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы қызметін атқарды.

2024 жылғы қыркүйек пен желтоқсан аралығында – Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Ғылыми-зерттеу институты бастығының орынбасары.

2025 жылғы қаңтар айынан бастап қазіргі уақытқа дейін – Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының Ғылыми-зерттеу институты бастығының орынбасары.

Хакимов Е.М.-нің 20-дан астам ғылыми жарияланымы бар, оның ішінде: 1 монография, 2 оқу құралы (1 – жеке авторлықта, 1 – бірлескен авторлықта), 7 әдістемелік ұсыным, 16 ғылыми мақала, оның ішінде 11-і уәкілетті орган ұсынған басылымдарда жарияланған, сондай-ақ өзге де жарияланымдар бар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №128 бұйрығымен бекітілген Ғылыми атақтарды беру қағидаларының 4–5-тармақтарына сәйкес қойылатын талаптар полиция подполковнигі, қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға үміткер Хакимов Ержан Маратович тарапынан толық көлемде орындалған.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Басқару академиясы Ғылыми-зерттеу институты бастығының орынбасары, философия докторы (PhD), полиция подполковнигі Ержан Маратович Хакимовке 50500 – «Құқықтану ғылымдары» мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын беру туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне өтінішхат жолдауды Ғылыми кеңес мүшелерінен сұраймын.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: О.Т. Сейтжанов: Әріптестер, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма?

С.М. Иманғали: Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, полиция подполковнигі Ержан Маратович Хакимовтың ғылыми және басқарушылық қызметін жоғары бағалаймын, өйткені бірлескен жұмыс барысында біз Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының құқықтық түсіндірмесін жүйелі түрде талдап келеміз. Ғылыми-зерттеу жобаларын даярлау және іске асыру кезінде ол қолданылатын

нормативтік-құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволық бұйрықтарының талаптарын, сондай-ақ ғылыми адалдық пен академиялық шынайылық қағидаттарын қатаң сақтауды басшылыққа алады. Салалық комитеттер мен департаменттердің тапсырысы бойынша ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және орындау ісіне қосқан үлесі айрықша мәнге ие. Оның ғылыми еңбектері мен оқу-әдістемелік әзірлемелері дәйектілігімен, сауатты құқықтық талдауымен және практикалық бағыттылығымен ерекшеленеді.

Осыған байланысты Ғылыми кеңес мүшелерінен Ержан Маратович Хакимовтың кандидатурасын қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын беру үшін қолдауды сұраймын.

Д.А. Абеуов: Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, полиция подполковнигі Хакимов Е.М.-ге қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын беру туралы өтінішхатты толық қолдаймын. Ол кәсіби және ұйымдастырушылық қабілеттері жоғары, сауатты, бастамашыл әрі жауапкершілігі мол маман ретінде танылды. Сонымен қатар ол еңбекқорлығымен, қызметтік міндеттерін орындауда жүйелі тәсілді ұстануымен, қойылған міндеттерді жедел әрі тиімді шешу қабілетімен ерекшеленеді және Сембек Мейрамович атап өткендей, нормативтік-құқықтық актілерді терең әрі сауатты талдап, оларды ғылыми қызметінде дұрыс қолданады. Ғылыми-зерттеу қызметі бойынша жұмыс бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға белсенді қатысады.

Ж.Ш. Кусаинов: Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, полиция подполковнигі Хакимов Ержан Маратович жоғары деңгейдегі ғылыми біліммен және осы білімді практикалық тұрғыда қолдану саласында орнықты құзыреттермен сипатталады. Өз қызметінде ол жүйелі және салыстырмалы-құқықтық зерттеу әдістерін дәйекті түрде қолданады, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ жақын шетел мемлекеттерінің заңнамаларын сауатты түрде түсіндіреді. Оның портфолиосында ұсынылған ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік материалдар кешені 50500 – «Құқықтану ғылымдары» мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын беру үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген талаптарға толық сәйкес келеді. Осыған байланысты оған аталған ғылыми атақты беру туралы өтінішхатты қолдауды негізді әрі орынды деп санаймын.

Э.А. Алимова: Е.М. Хакимов дамыған аналитикалық ойлау қабілетімен, ұйымдастырушылық қасиеттерімен және көпміндеттілік жағдайында тиімді жұмыс істей білуімен ерекшеленеді. Оның басқарушылық шешімдерді қабылдаудағы дербестігі, қолданыстағы заңнама талаптарын сақтай отырып құжаттаманы дайындау және жүргізу дағдылары ерекше назар аударуға лайық. Ол ғылыми-зерттеу қызметін үйлестіруге, Ғылыми-зерттеу институты мен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ғылыми-техникалық кеңесінің бейіндік секцияларының отырыстарын дайындау және өткізуге байланысты міндеттерді тиімді жүзеге асырады. Осыған байланысты Ғылыми кеңес мүшелерінен полиция подполковнигі Ержан Маратович Хакимовке қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын беру туралы өтінішхат жолдауды сұраймын.

О.Т. Сейтжанов: Әріптестер, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Өз тарапымнан бұған дейін айтылған пікірлерді толық қолдаймын және Хакимов Е.М.-нің қызметі ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкестігімен әрі жоғары нәтижелілігімен сипатталатынын атап өткім келеді. Ол

Институттың ғылыми-зерттеу қызметін үйлестіруді, мемлекеттік органдардың сұраулары бойынша заңнамаға ұсыныстар әзірлеуге қатысты талдамалық материалдар мен құжаттарды, сондай-ақ стратегиялық бағдарламалық құжаттарды дайындауды қамтамасыз етеді. Бұдан бөлек, оның тарапынан ғылыми есептіліктің тиісті деңгейде жүргізілуі және белгіленген регламенттердің сақталуы қамтамасыз етіледі.

Осыған байланысты жоғарыда баяндалғанды негізге ала отырып, Ғылыми кеңес мүшелерінен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Басқару академиясы Ғылыми-зерттеу институты бастығының орынбасары, философия докторы (PhD), полиция подполковнигі Ержан Маратович Хакимовке 50500 – «Құқықтану ғылымдары» мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын беру туралы өтінішхат жолдауды сұраймын.

А.Б. Айтуарова: Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, Ержан Маратовичтің портфолиосында «Қызметтік пайдалану үшін» (ҚБП) шектеу белгісі бар журнал мен мақала бар екенін назарларыңызға жеткізгім келеді. Сондай-ақ Ғылыми атақтарды беру қағидаларының 7-тармағына сәйкес («қауымдастырылған профессор (доцент)»), аттестациялық іске жеке куәліктің көшірмесі, дипломдардың көшірмелері және еңбек қызметін растайтын құжаттың болуы көзделген.

Сұратылып отырған ақпаратты ұсыну тәртібін түсіндіру мақсатында хабарлаймыз: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы №429 қаулысымен бекітілген «Мәліметтерді шектеулі таратылатын қызметтік ақпаратқа жатқызу және олармен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Ережелерге қосымша болып табылатын қызметтік құжаттардың «Қызметтік пайдалану үшін» (ҚБП) шектеу белгісімен шектелуге жататын бірыңғай (үлгілік) тізбесінің 1.28-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 20 қарашадағы №933 бұйрығымен бекітілген «Қызметтік пайдалану үшін» (ҚБП) шектеу белгісімен шектелуге жататын қызметтік құжаттардың ведомстволық тізбесінің 1.27, 1.27-1 және 1.28-тармақтарына сәйкес құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің дербес деректері шектеулі сипатқа ие және Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы заңнамасына сәйкес қорғауға жататын қызметтік пайдаланудағы мәліметтерге жатады.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтер (журнал, мақала, жеке куәлік, қызметтік тізім, үміткер туралы анықтама) ашық түрде таратуға жатпайды және шектеулі таратылатын ақпаратты қорғау талаптарын сақтай отырып, тек белгіленген тәртіппен ғана ұсынылуы мүмкін.

Осыған байланысты өтінішхат пен аттестациялық іс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне «Қызметтік пайдалану үшін» (ҚБП) шектеу белгісімен жолданатын болады.

О.Т. Сейтжанов: Ұсынылған деректермен толық келісемін. Барлық құжаттарды белгіленген талаптарға сәйкес ресімдеуді сұраймын. Егер қосымша ұсыныстар мен қарсылықтар болмаса, дауыс беруге көшуді ұсынамын.

О.Т. Сейтжанов, *дауыс беру нәтижесі: «қолдады» – 11, «қарсы» – 0, «қалыс қалды» – 0.*

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясы Ғылыми-зерттеу институты бастығының орынбасары, философия докторы (PhD), полиция подполковнигі Ержан Маратович Хакимовке 50500 – «Құқықтану ғылымдары» мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын беруге мақұлдансын және ұсынылсын.

3. А.Б Айтуароваға өтінішхат пен аттестациялық істі дайындау, «Қызметтік пайдалану үшін» (ҚБП) шектеу белгісін беру тапсырылсын.

4. А.Б. Айтуароваға аталған құжаттарды Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жолдау тапсырылсын.

Жауапты: А.Б. Айтуарова, орындау мерзімі 05.02.2026 ж.

ТЫҢДАЛДЫ: О.Т. Сейтжанов: Құрметті әріптестер, отырыстың күн тәртібіндегі барлық мәселелер толық қаралды. Сұрақтар, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Егер толықтырулар болмаса, мен ғылыми кеңестің отырысын жабық деп жариялаймын.

Академияның Ғылыми кеңес
төрағасының орынбасары
заң ғылымдарының кандидаты,
профессор
полиция полковнигі **О.Т. Сейтжанов**

Академияның Ғылыми кеңесінің
ғалым хатшысы
заң ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор (доцент)
полиция полковнигі **А.Б. Айтуарова**